



31.01.2024 № 511-244

31.01.2024 № 138/17-VIII

**Астана қаласының кейбір
құрамдас бөліктеріне атау беру
және қайта атау туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Астана қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Астана қаласы Ономастика комиссиясының 2023 жылғы 3 тамыздағы, Республикалық ономастикалық комиссиясының 2024 жылғы 24 қаңтардағы қорытындыларының негізінде Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Мыналарға:

Астана қаласының «Алматы» ауданы бойынша:

- жобалық атауы А30 көшеге – Оралхан Бөкей көшесі;
- жобалық атауы А40 көшеге – Сырбай Мәуленов көшесі;
- жобалық атауы А564 көшеге – Әмен Қайдаров көшесі;
- жобалық атауы № 101 көшеге – Бұйрат көшесі;
- жобалық атауы А139 көшеге – Ақтекше көшесі;
- жобалық атауы А184 көшеге – Кеңдірлі көшесі;
- жобалық атауы А185 көшеге – Кеңсаз көшесі;
- жобалық атауы А187 көшеге – Қарашығанақ көшесі;
- жобалық атауы А206 көшеге – Қимасар көшесі;
- жобалық атауы А207 көшеге – Қойтас көшесі;
- жобалық атауы А208 көшеге – Тасөткел көшесі;
- жобалық атауы А344 көшеге – Маймекен көшесі;

Астана қаласының «Байқоңыр» ауданы бойынша:

Егемен Қазақстан газеті көшесінің бойында орналасқан атаусыз саябаққа «Журналистер саябағы»;

Астана қаласының «Есіл» ауданы бойынша:

жобалық атауы № 29/1 көше мен Түркістан көшесінен басталып, Ұлы Дала даңғылында аяқталатын атаусыз көшеге – Нұрлан Балғымбаев көшесі;

Астана қаласының «Нұра» ауданы бойынша:
 жобалық атауы Е29 көшеге – Тәттімбет көшесі;
 жобалық атауы Е33 көшеге – Қорқыт ата көшесі деп атау берілсін.

2. Мыналар:

Астана қаласының «Алматы», «Байқоңыр» аудандары бойынша:

Әл-Фараби даңғылы – Ақжол даңғылы;

Астана қаласының «Алматы» ауданы бойынша:

Гейдар Әлиев көшесі – Мұзафар Әлімбаев көшесі;

Астана қаласының «Есіл» ауданы бойынша:

Сәбит Мұқанов көшесі – Шұбартау көшесі деп қайта аталсын.

3. «Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны және шешімді бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне жіберуді;

2) осы қаулы және шешім ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Астана қаласы әкімдігі қаулысының және Астана қаласы мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Астана қаласының әкімі



Ж. Қасымбек

Астана қаласы
 мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов